Байғанин ауданының білім бөлімі
МКҚК «**Шаттық**» бөбекжай-балабақшасы

**Бекітемін:**
«Шаттық» бөбекжай-бала
бақшасының меңгерушісі:
Э.М.Амангосова

**Келісемін:**
Аудандық әдістемелік
орталықтың әдіскері:
М.М.Ажимкин

# «Біз кішкентай зерттеушілерміз»

(Ересектер тобы)

Тәрбиеші Муратова А.М

2021 жыл

# Түсінік хат

Іздеу, ойлау және инновация – заманауи мектепке дейінгі ұйым өмірінің талабы. Табиғатқа қамқорлықпен қарау, оны сақтаудың маңыздылығын сезіну,экологиялық мәдениетке және табиғатты қорғауға тәрбиелеу мектепке дейінгі жаста қалыптасады. Балалар эксперименті – мектеп жасына дейінгі балалардың танымын дамыту әдістерінің бірі.

Тәжірибелік-эксперименттік әрекет барлық әрекет түрлерін тәрбиенің барлық саласымен біріктіруге мүмкіндік береді, байқағыштықты, ақыл-ойды, әлемді тануға ұмтылысты дамытады, танымдық қабілеттілікті, ойлап табуды, қиын жағдайларда дұрыс шешім қабылдауды, шығармашыл тұлғаны қалыптастырады.

Ізденістік әрекет алуан түрлі жәнe қарқынды болса, бала неғұрлым жаңа ақпарат алады және толыққанды дамиды.

Эксперимент балаларды тірі және өлі табиғат әлемімен таныстыруда тиімді болып табылады.

Күнделікті өмірде бала жаңа, өзіне бейтаныс заттар мен өлі табиғат құбылыстарына тап болады және оның осы жаңалықты білуге, беймәлімді ұғынуға деген ниеті пайда болады.

Оқыту процесінде эксперимент әдісін қолдануды көрнекті педагогтер Я. А. Коменский, И. Г. Песталоцци, Ж.Ж. Руссо, Ж. Пиаже, К. Д. Ушинский, Н. Н. Поддьяков қолдады.

Балалар эксперименттік әрекеті - балалар әрекетін ұйымдастыру формаларының және танымдық іс-әрекет түрлерінің бірі.

Эксперимент барысында баланың есте сақтауы, ойлау процестерінің белсенділігі артады бала өзіне тән білуге құштарлығын қанағаттандыруға, өзін ғалым, зерттеуші ретінде сезінуге мүмкіндік алады.

Мектепке дейінгі ұйымдарының жұмыс тәжірибесінде балаларды орындалатын әрекетке шығармашылық тұрғыдан қарауға, өзін-өзі көрсетуге ынталандыра отырып, олардың өз бетінше эксперимент жасауы және ізденіске белсенділігі үшін жағдай жасалады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған ортамен өзара әрекет жасауына қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын игеруді қарастырады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің мазмұнын жаңарту педагогтің балалармен жеке тұлғаға бағытталған өзара әрекетіне көшуді, педагогикалық процесті дараландыруды қамтамасыз ететін вариативтілікті көздейді.

Эксперименттік әрекет құралдары арқылы мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың танымдық қызығушылығын дамытуда педагогтерге әдістемелік көмек көрсету.

**Өзектілігі:**

Бүгінгі таңда бүкіл адамзаттың алдындатұрған өмірлік маңызы бар ауқымды проблемалардың ішінде табиғат қорғау мен табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Айнала бізді қоршаған табиғи ортаға қамқорлық жасау, оның бойындағы бар байлықты адам игілігі үшін мейлінше ұтымды пайдаланып қорғау және көркейту мәселесін ойдағыдай шешуде мектеп жасына дейінгі кезеңнен алғашқы дағдыларды қалыптастырған жөн. Бұл мектепке дейінгі білім беру мәселесінің алдында тұрған ортақ міндет. Сол міндеттерді шешуде «Кішкентай зерттеуші» бағдарламасының алатын орны ерекше.

**Мақсаты мен міндеттері:**

**Бағдарламаның мақсаты:** Баланың экспериментке деген ұмтылысын қолдау, зерттеушілік жұмыстарына жағдай жасау. Қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту.

**Бағдарламаның міндеттері:**

***Білімділік:***
-Баланың экспериментке деген ұмтылысын қолдау, балаларды тірі және өлі табиғат әлемімен таныстыру.
***Дамытушылық:***
-танымдық қызығушылығын, зерттеушілік қабілетін дамыту.
***Тәрбиелік:***
-қоршаған ортаға құрметпен қарауға тәрбиелеу.

«Шаттық» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық кеңесі отырысында « Біз кішкентай зерттеушілерміз» бағдарламасы талқыланды, бекітілді. №1 хаттамасы 01.09.2021 жыл.

**Педагогикалық мақсаттылық:**

Тәжірибелік-эксперименттік қызмет арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін таныту.

**Күтілетін нәтиже:**

- эксперимент барысында баланың есте сақтауы, ойлау процестерінің белсенділігі артады (талдау және жинақтау, салыстыру, жіктеу, жалпылау).
-бала өзіне тән білуге құштарлығын қанағаттандыруға, өзін ғалым, зерттеуші ретінде сезінуге мүмкіндік алады.
- қоршаған орта объектілеріне танымдық қызығушылығы пайда болады.

| Рет саны | Тақырыбы | Мақсаты | Сағат саны | Күні |
|---|---|---|---|---|
| 1 | **Зерттеушілер әлемі** | Зерттеушілер мен экспериментке әртүрлі қызықты қажетті жабдықтар туралы түсініктерін қалыптастыру. Зерттеу үшін әртүрлі материалдармен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру .Экологиялық тәрбие беру. | 1 | 09.09.2021ж |
| 2 | **Күз. Күзгі ағаштар** | Күзгі табиғатты бақылау кезінде қарапайым өзгерістерді атай білуге, өздерінің сезімдері туралы әңгімелетуге үйрету. | 1 | 16.09.2021ж |
| 3 | **«Алтын балықтың саяхаты» (құм терапиясы)** | Балаларға құм терапиясы арқылы ертегімен таныстыру.Ұсақ қол маторикасын дамыту. | 1 | 23.09.2021 ж |
| 4 | **«Құмдағы өрнек»** | Балалардың қол моторикасын дамыту. Құмды қолдана отырып, әр түрлі тақырыпта өрнек салуға үйрету. | 1 | 30.09.2021ж |
| 5 | **Тастармен эксперимент жасау.** | «Салмақты анықтау» Тастардың қасиеттерімен таныстыру, бақылау. | 1 | 07.10.2021ж |
| 6 | **Қоянның құлағы неге ұзын?** | Қоянның тіршілігі мен ертегісімен таныстыру.Аңдарды қорғауға тәрбиелеу | 1 | 14.10.2021ж |
| 7 | **«Табиғат» туралы мақал-мәтелдер сайысы** | Балалардың сөздік қорын дамыту, ой өрістерін кеңейту. | 1 | 21.10.2021 ж |
| 8 | **«Кеме»** | Кеме туралы түсініктерін кеңейту. Тәжірибе арқылы бақылау, талдау дағдыларын дамыту. | 1 | 28.10.2021 ж |
| 9 | **Үй жануарлары** | Мысық пен күшік жөнінде түсініктерін кеңейту.Тіршілігімен таныстыру. Сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу. | 1 | 04.11.2021ж |
| 10 | **Құммен тәжірибе жасау** | «Ойықтар мен үңгірлер» Су, құм туралы білімді бекіту, жалпылау. | 1 | 11.11.2021ж |
| 11 | **Бөлме өсімдіктері** | Бөлме өсімдігі туралы білімін арттыру, білімін кеңейту | 1 | 18.11.2021ж |
| 12 | **Күн сәулесі** | Айнаны күн сәулесімен шағыстырып ойнайтын ойын арқылы балалардың танымын дамыту. | 1 | 25.11.2021ж |
| 13 | **Ауамен эксперимент** | «Ауа» дегеніміз не? Балаларды ауа кеңістігі | 1 | 02.12.2021ж |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **жасау** | ұғымдарымен , ауа қасиетімен, денсаулыққа тигізетін әсерімен таныстыру | | |
| 14 | **Өсімдіктермен тәжірибе «Ұзақ»** | «Өзгермелі тұқымдар» балаларды тұқым өсіру әдістерімен таныстыру.Байқағыштықты дамыту | 1 | 09.12.2021ж |
| 15 | **Табиғат аясында қонақтамыз. Жаңбыр тамшылары Мен және аспан** | Аспанадағы бұлттарды түрлі заттарға ұқсатып айтады.Тамшы туралы түсінік қалыптастыру. | 1 | 16.12.2021ж |
| 16 | **Ненің ізі?** | Балаларға құм бетінде әртүрлі іздерді салдыра отырып, олардың аттарын айтып беруге үйрету.Ұсақ қол моторикасын дамыту | 1 | 23.12.2021ж |
| 17 | **Жанды табиғат және жансыз табиғат** | Жанды, жансыз табиғат туралы қарапайым түсінік беру. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру | 1 | 30.12.2021ж |
| 18 | **Қармен тәжірибе жасау** | Тәжірибе көмегімен қар туралы, қардың белгілері білімін кеңейту | 1 | 06.01.2022ж |
| 19 | **Заттармен, материалдармен жұмыс (Тәжірибе)** | «Біз сиқыршылармыз» магниттермен өзара әрекеттесетін материалдарды анықтау | 1 | 13.01.2022 ж |
| 20 | **Сұйықтармен тәжірибе жасау (Шырынмен)** | «Дәмді шырын» шырынды дайындау процесімен таныстыру . Байқағыштықты, білім алуды дамыту. | 1 | 20.01.2022 ж |
| 21 | **Су асты тіршілігі.** | Су асты барлық түрлеріне түсінік беру. Аквариумдағы балық күтімі. Қамқорлық жасауға үйрету. | 1 | 27.01.2022ж |
| 22 | **«Әдемі жұмыртқа»** | Жұмыртқа туралы түсініктерін кеңейту, Тәжірибе арқылы бақылау, талдау дағдыларын дамыту. | 1 | 03.02.2022ж |
| 23 | **Сүт пен суды салыстыру.** | Сүттің қасиетін сумен салыстыру арқылы қарастыру. Танымдық қабілетін дамыту | 1 | 10.02.2022ж |
| 24 | **Үй құстары** | Қораз, тауық, балапан туралы ұғымды қалыптастыруға жалғастыру | 1 | 17.02.2022ж |
| 25 | **Сиқырлы су (тәжірибе)** | «Су дегеніміз не?» Су қасиеттері мен мүмкіндіктерімен таныстыру. Байқағыш білімділікті , тапқырлықты, ой-өрісін дамыту ,суға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | 1 | 24.02.2022 ж |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 26 | **Ауа қайда тығылды?** | «Ністер» Ауамен таныстыруды жалғастыра отырып, түсініктерін қалыптастыру, анықтау, жағымды жағымсыз ністерді ажырату | 1 | 03.03.2022ж |
| 27 | **Орман тұрғындары** | Жабайы жануарлар туралы түсінігін байыту. Ажырата білуін бекіту. | 1 | 10.03.2022ж |
| 28 | **Жасыл дәріхана** | Дүниетанымын кеңейту. Табиғатқа деген қызығушылығын арттыру. | 1 | 17.03.2022ж |
| 29 | **Көктем кереметі** | Көктемгі табиғат туралы түсінік кеңейту | 1 | 24.03.2022ж |
| 30 | **Пияз отырғызу** | Пияздың әртүрлі болатындығы, өсуі, тұқымы туралы түсінік беру. | 1 | 07.04.2022ж |
| 31 | **Жәндіктердің тіршілігі** | Жәндіктердің тіршілігі туралы білім қалыптастыру.Табиғат құбылысын эмоционалды қабылдауын, қиялын дамыту. | 1 | 14.04.2022ж |
| 32 | **Жайлауға саяхат** | Жайлау туралы түсінік бере отырып, табиғатқа қамқор болуға баулу. | 1 | 21.04.2022ж |
| 33 | **Мен еңбекшіл баламын** | Балабақша гүлзарына тәрбиешімен бірге гүл егу, өз бетімен еңбектенуге дербестікке қалыптастыру | 1 | 28.04.2022ж |
| 34 | **Гүлдер, гүлдер әсем гүлдер** | Балаларды түймедақ гүлдерімен таныстыру | 1 | 05.05.2022ж |
| 35 | **Біздің қанатты достармыз** | Құстардың сыртқы ерекшеліктері туралы білімін байыту , құстарға ғана тән ерекшелікті бөліп алу, көрсете білуді үйрету. | 1 | 12.05.2022ж |
| 36 | **Кемпірқосақ** | Балаларға кемпірқосақ туралы мағлұмат беру.Қызығушылығын ояту | 1 | 19.05.2022ж |

Тексерілді:

«Қызғалдақ» ересек тобының оқу іс-әрекетінің ұйымдастырылған технологиялық картасы

Айы, жылы, күні:02.12.2021ж

Тақырыбы: Ауамен эксперимент

Мақсаты: Ауа дегеніміз не? Тәжірибе жүзінде бақылап қарайық.

Сөздікпен жұмыс: Ауа-воздух, түссіз, иіссіз, мөлдір.

Көрнекіліктер: Целлофан

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| | Шаттық шеңбері.<br>«Сөз атасы – сәлем» дейді дана халқымыз. Ендеше бір-бірімізге жақсы тілектер айтайықшы | Балалар амандасады.<br>-Деніміз сау,<br>-Аспанымыз ашық,<br>-Тату-тәтті болайық! |
| Мотивациялық оятушылық | -Балалар, сендерге жұмбақ жасырайын.<br>-Көзге ілінбейді<br>-Жұтсаң білінбейді.<br>-Қоршаған ортамызда ауа болады.<br>Адам тамақсыз, сусыз өмір сүре алады, ауасыз өмір сүре алмайды. | -Ауа<br><br>Целлофан қолданады. |
| Ұйымдастырушылық ізденушілік | 1.Тәжірибе «Ауасыз»<br>Ауаны ұстап тұруға бола ма?<br>2.Тәжірибе «Ауаны ұстау», «Ауаны сезуге бола ма?»<br>3.Тәжірибе «Ауаны сығу», «Ауаны көруге бола ма?<br><br>4.Тәжірибе. «Ауаны көру» | Тәжірибеде жасап көрсетеді.<br><br>Ауыздарын, мұрындарын жауып тұрады. Ауасыз қанша тұратындарын тексереді.<br>-Болмайды. |
| Рефлексивтік түзету | 5. «Ауаның иісі»<br>Апельсин ,жуа, сарымсақтың иісін сезуді ұсынады. Жаман иістер болса не қолданамыз?<br>Жақсы қатысқан балаларды мақтап-мадақтау | Иістерін иіскеп ажыратады.<br><br>Қойылған сұрақтарға толық жауап береді. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі:Тәжірибе арқылы барлық жерде ауа бар екенін ұғынады.

Игереді: Ауаны сезуге болады. Допты алып қысады. Сығуға болады.

Меңгереді: Дем алып дем шығарады.

Тексерілді

«Қызғалдақ» ересек тобының оқу іс-әрекетінің ұйымдастырылған технологиялық картасы

Айы, жылы, күні:09.12.2021ж

Тақырыбы: Өсімдіктермен тәжірибе.

Мақсаты: Тұқым өсіру әдісімен таныстыру. Байқағыштығын дамыту.

Сөздікпен жұмыс: Өсімдік - , тұқым

Көрнекіліктер: Өсімдіктер

| | | |
|---|---|---|
| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті<br>Шаттық шеңбері.<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырайды даламыз,<br>Жарқырайды қаламыз,<br>Қайырлы таң, достарым! | Балалардың іс-әрекеті<br><br>Балалар үлкен шеңберге қол ұстасып тұрады.<br>Балалардың қолдарына бір гүлден беріп, бір-біріне тілек айту арқылы бір шоқ гүлді жинау. |
| Мотивациялық оятушылық | (Топқа ханшайым флора келеді)<br>-Қолы жоқ, аяғы жоқ қозғалады,<br>Аузы жоқ, тыныс алады, қоректенеді.<br>Жерде, бөлмеде, ағашта өседі.<br>Өсімдікті азық ретінде , құрылыс материалы ретінде қолданады. Қағаз алады. Ауаны тазартады. | Бұл-өсімдік<br><br>Өсімдіктер тұқым арқылы көбейеді. |
| Ұйымдастырушылық ізденушілік | Табиғат бұрышындағы гүлдерді (бөлме) суаратын кезде келіпті. Бөлме гүлін арнайы таяқшамен қопсытайық.<br>Тәжірибе : «Өсімдіктер» | Табиғат бұрышына кеп, алжапқыштарын тағып дайындалады.<br>Гүлдердің топырағын қопсытады, су құятын ыдыспен суарады.<br>Топырағын арнайы кішкентай шүберектермен сүртеді. |
| Рефлексия тік түзету | Дидактикалық ойын: «Не қайда өседі?»<br>Шарты: жемістер мен көкөністерді ажыратып, бақшада өсетінін ағашқа іледі. Өсімдік жақсы өсу үшін , оны күту керек екен | Тұқым өсіру әдістерімен танысады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі:Өсімдік өсуі үшін қажетті жағдайларды

Игереді: Өсімдіктердің өсу ортасын ажырата алады.

Меңгереді: Өсімдіктерді күтіп-баптау жолдарын

Тексерілді. К

«Қызғалдақ» ересек тобының оқу іс-әрекетінің ұйымдастырылған технологиялық картасы

Айы, жылы, күні:16.12.2021ж

Тақырыбы: Жаңбыр тамшылары

Мақсаты: Тамшы туралы түсінік қалыптастыру.

Сөздікпен жұмыс: жаңбыр –дождь, бұлт-облака

Көрнекіліктер: Суреттер

| | | |
|---|---|---|
| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті<br>Шаттық шеңбері.<br>-Табиғатқа баламыз,<br>Иіліп сәлем береміз.<br>Біз әдепті баламыз!<br>«Жаңбыр»<br>-Тырс-тырс!<br>Жаңбыр кеп жауады<br>Тырс –тырс<br>Жылғалар ағады.<br>Сылдырлап әуенге салады. | Балалардың іс-әрекеті<br><br>Балалар шаттық шеңберінде тұрады. |
| Мотивациялық оятушылық | Тақпақ жаңбыр туралы<br>Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр»<br>Саусақ кол жаттығулары<br>«Жаңбыр жауды»<br>Алдымен жай жауды. Саусақ ұшымен үстел үстін соғып тарсылдатады. | |
| Ұйымдастырушылық ізденушілік | Содан кейін қатты жаңбыр жауады.<br>Суретпен жұмыс<br>-Нені көріп тұрсыздар?<br>-Бұлттан не жауып тұр?<br>-Тамшының пішіні қандай? | Үстелді қаттырақ соғады.<br>Жаңбыр жауды тырс-тырс<br>Боран соқты гу-гу<br>Жел тұрды – ыли-ыли<br>Найзағай ойнайды тарс-тарс |
| Рефлексивтік түзету | -Жаңбыр қай мезгілде жауады?<br>-Жаңбырдың пішіні қандай?<br>-Қолшатыр не үшін керек?<br>-Жанбы ) қалай жауады? | Күз, көктем, жазда жауады.<br>Жаңбырдан қорғану үшін.<br>Аспанда бұлт жиналғанда жауады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі:Табиғат құбылыстарының атауын, ерекшеліктерін

Игереді: Жаңбырдың табиғаттағы атқаратын рөлін

Меңгереді: Танымдық бағытта әңгімелесу, пікір білдіруді, қарапайым тұжырымдар жасауды.

Тақырбі
1

«Қызғалдақ» ересек тобының оқу іс-әрекетінің ұйымдастырылған технологиялық картасы

**Айы-жылы,күні:**09.09.2021жыл
**Тақырыбы:** Зерттеушілер әлемі
**Мақсаты:** Зеттеушілер мен экспериментке әртүрлі қызықты қажетті жабдықтар туралы түсініктерін қалыптастыру.Зерттеу үшін әртүрлі материалдармен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру.Экологиялық тәрбие беру.
**Сөздікпен жұмыс:** Әр затқа эксперимент жасау
**Көрнекіліктер:** Сабын көпіршіктері, иіс су , апельсин , желдеткіш,шар, су құйылған стакандар,желпуіш,доптар,резенке ойыншықтар,т.б

| | *Тәрбиешініңіс-әрекет* | *Балалардыңіс-әрекеті* |
|---|---|---|
| *Мотивациялық оятушылық* | «Сабын көпіршіктері»атты ойынды ұсыну. Көпіршіктер не істеуде? Олардың түстері қандай? Көпіршіктер неге ұқсайды? | Балалар ойынға деген қызығушылықтарын арттырады.Ұшып жүрген көпіршіктерге қарап, оларды қолдарымен ұстайды, сұрақтарға жауап береді |
| *Ұйымдастырушылық ізденушілік* | Жұмбақ: 1 Бар ма,жоқ па,оны анық білмейсің, Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің.<br><br>Ал осы біздің топта ауа бар ма?<br><br>Қане бәріміз тереңірек ауа жұтып,біраз демалмай тұрайық.<br><br>Байқайық ауаның бізге қаншалықты қажет екенін.<br><br>Балалар сендер қалай ойлайсыңдар,ауаны көріп,естіп,сезуге бола ма?<br><br>**1. Тәжірбие:** «Ауа». Кім ауаны естіп,сезгісі келеді, қолдарына желпуішті алып, бетімізге желпиміз.Сендер нені сездіңдер?Бұл не жел?<br><br>**2. тәжірбие :** «Жел ауаны ұшырады» Енді қолымызға резенке ойыншықты алып,қысамыз қолымызбен,қысамыз.<br><br>**3 .тәжірбие :** «Шарды ауамен толтыру». Шарларға ауаны үрлеп толтыру. | Ауа<br><br>Өз ойларын айтады.<br><br>Дем алу әдістерін жасайды.<br><br>Қаншалықты шыдай алатындарын көрсетеді.<br><br>Ауаны көреміз сеземіз дейді.<br><br>Желпеуіштің көмегімен өздеріне желді тұрғызады. Жел<br><br>Резенке ойыншықтарды қысып ,ішінен ауаны шығарады. Ауа ысқырады. |

| | | |
|---|---|---|
| | **4. тәжірбие :** «Ауаны іздеу». Ауаны целофан пакетпен ұстап алу. Сендер ауаны көрдіндер ме? Егер сендер ауаны көрмесеңдер,ауа қандай?стідіңдер,бұл не дыбыс екен?<br><br>**5 . тәжірбие :** «Жұмбақ көпіршіктер». Су құйылған стакандарға түтікше арқылы үрлеу. Судан не байқадыңдар?<br><br>**6 . тәжірбие:** « Ауаның иісі бар ма ?». Ауаны желпеуішпен өздеріне қарай үрлеу айту . Иіссуын сеуіп , үрлеу. Иіс келді ме ? | Әр бала түтікшелер алып стакандағы суға үрлейді. Көпіршіктер пайда болды.<br><br>Желпеуіштің көмегімен ауаны өздеріне тартып иіскейді . Иіс жоқ . Әтір иісін сеземіз .<br><br>Ауаны қажет ететін заттарды сызады. |
| *Рефлексивтік Түзету* | Тыйым,нақыл сөздер<br><br>Ауаның қасиеттерін айтып беріңдер. | Ауаны ластамау керек. Ауасыз өмір жоқ. Таза ауада көп серуендеу керек. |

*Күтілетін нәтиже:*

**Біледі;** Ауа кімге , неге керек?

**Игереді;** Ауа қаситтері туралы білімдерін толықтыру.

**Меңгереді.** Тәжірибе жасау арқылы қортынды

«Қызғалдақ» ересек тобының оқу іс-әрекетінің
ұйымдастырылған технологиялық картасы

**Айы-жылы,күні:**16.09.2021ж
**Тақырыбы:** Күз.Күзгі ағаштар.
**Мақсаты:** Күзгі табиғатты бақылау кезінде қарапайым өзгерістерді атай білуге, өздерінің сезімдері туралы әңгімелеуге үйрету.
**Сөздікпен жұмыс:** Табиғат, өсімдік, ағаш, бұта көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелесу, бақылау.
**Көрнекіліктер:**Күз мезгілінің суреттері.

| *Әрекет кезеңдері* | *Тәрбиешінің іс-әрекеті* | *Балалардың іс-әрекеті* |
|---|---|---|
| *Мотивациялық қозғаушы* | Балалар жылдың қай мезгілі?<br>Күз мезгілінің ерешеліктері неде?<br>Қандай өзгерістер болып жатыр?<br>Күз мезгілінде неше ай бар?<br>Қазыр күз мезгілінің нешінші айы?<br>Күз мезгілінде нелер піседі? | Балалар сұраққа жауап береді. |
| *Ұйымдастырушылық ізденушілік* | Тәрбиешінің әңгімесі.<br>-Орманда,тоғайларда жаз мезгіліндегідей емес. Құстардың шуылы азайған. Өйткені құстардың көпшілігі жылы жаққа ұшып кетті.<br>Аққайың мен емендердің жапырақтары өзгеріп,сары түске енген.<br>Гүлдер мен шөптер шөліп, қурай бастады.<br>*Сұрақтар:*<br>1.Бұл жылдың қай мезгілі деп ойлайсыңдар?<br>2.Күз мезгілі екенін қайдан білдіңдер?<br>3.Күздің келуімен орманда қандай өзгерістер болады? | Балалар сұраққа жауап береді. |

| | | |
|---|---|---|
| | Ағаш қандай бөліктерден тұрады?<br><br>-Дұрыс айтасыңдар, сонымен қатар оның діні,<br><br>тамыры, бұталары болады.<br><br>Тәрбиеші балаларды ағаштың бөліктерімен таныстырып, оларға сипаттама береді.<br><br>**Сергіту сәті**<br><br>Тербеледі ағаштар<br><br>Алдымнан жел еседі<br><br>Кіп кішкентай ағаштар<br><br>Су құйғанда өседі<br><br>Тәрбиеші балалалардың есіне әдіс-тәсілдерді түсіреді.<br><br>Балалар күз мезгілінің өзгерістерін ажырата біледі. | Балалар сергіту сәтін орындайды |
| *Рефлексивтік Түзету* | Сұрақ-жауап арқылы оқу іс-әрекетін<br><br>пысықтау. | Балалар жауап беруге тырысады. |

***Күтілетін нәтиже:***

Күз мезгілін ажырата **біледі;**

Күзгі ағаштардың пайдасы туралы мағлұматтарды **игереді**;

Күзгі ағаштарға қамқорлық жасау, пайдалы еңбек іс-әрекеті дағдыларын **меңгереді.**

Тексерілді

**«Қызғалдақ» ересек тобының оқу іс-әрекетінің ұйымдастырылған технологиялық картасы**

**Айы-жылы,күні:**23.09.2021жыл

**Тақырыбы:** «Алтын балықтың» саяхаты (құм терапиясы )

**Мақсаты:** Балаларға құм терепиясы арқылы ертегісімен таныстыру. Ұсақ қол моторикасын дамыту.

**Қолданатын көрнекіліктер:** Құм салатын жәшік, дымқыл және құрғақ құм,қонақ (Су перісі)

| Әрекеттің кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қызығушылықты ояту кезең | Балалар бүгін бізге қонаққа су перісі келіп отыр. Оның бүгін көңіл-күйі болмай тұр екен себебі ол өзінің алтын балығын жоғалтып алыпты. Қазір біз сендермен су перісімен бірге құм әлеміне саяхатқа барып балықтың мүсінін суреттеп көрейік.<br>Алақанды ашайық,<br>Сиқырын біз табайық.<br>Әдемі суреттерді біз,<br>Сиқырлап өрнек салайық. | Назарларын тәрбиешіге аударады.<br><br>Бірге қайталап айтады. |
| Ұйымдастыру-ізденушілік кезең | Тәрбиеші балаларға **«Алтын балық»** ертегісін әңгімелейді.<br>Балаларды құмға шақырып, балықты қалай мүсіндеу керек екендігін айтып түсіндіреді.<br>**Ойын: «Балық»**<br>Барысы: Балалар қолдарын алдыға созып балықтың қимылдарын жасайды.<br>• **Сергіту жаттығуы:**<br>Жып-жылы таза суда<br>Балық жүзіп ойнауда<br>Біресе керіледі,<br>Біресе жиырылады<br>Ал бірде құмға тығылады.<br>Балалар сендер қазір қолдарыңды құмға салып балықтың бейнесін бейнелеңдер. | Ертегіні мұқият тыңдайды.<br>Балалар көздерін жұмады сиқырлы сөздерді қайталайды<br><br>Ойынның барысын мұқият тыңдап алған әсерлері туралы әңгімелеседі.<br><br>Қимылмен бәрі бәрі бірдей қайталайды.<br><br>Балалардың өз еріктерімен жұмыстары. |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексиялы – түзету кезең | • **Қорытынды бөлім:**<br>Сұрақ-жауап сәті<br>• Балалар бүгін бізге қонаққа кім келді?<br>• Ертегіде не туралы айтылған?<br>• Оны не себептен Алтын балық деп атаған?<br>**Балаларды мақтап, мадақтау** | Балалар өз жұмыстарын талдайды.<br><br>Сұрақтарға толық жауап береді |

**Күтілетін нәтиже:**
**Білу керек:** Ертегіні білу керек. Кейіпкерлердің әректтерін ажырата білу керкек.
**Болу керек:** Су асты тіршілігі жайлы түсініктері болу керек.
**Істей білу керек:** Тапсырманы мұқият зейін қойып орындауды істей алу керек.

«Қызғалдақ» ересек тобының оқу іс-әрекетінің ұйымдастырылған технологиялық картасы

**Айы-жылы,күні:**30.09.2021ж
**Тақырыбы**: «Құмдағы өрнек»
**Мақсаты:** Балалардың қол моторикасын дамыту, құмды қолдана отырып әртүрлі тақырыптарда өрнек салуға үйрету.
**Қолданатын көрнекіліктер:** Құм салатын жәшік, дымқыл және құрғақ құм жапырақтар үнтаспа, құм ханшайымы

| Әрекеттің кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
| --- | --- | --- |
| Мотивациялық-қозғаушылық Кезең | Ұйымдастыру кезеңі:<br>• Балалар,сендермен кездескеніме өте қуаныштымын.<br>Бір-бірімізге қарайық. Мен сендердің көздеріңнен қуаныш пен қызығушылық көріп тұрмын.<br>Бір-бірлеріне жылы лебіздерін білдіреді. | Балалар шеңберге тұрады.<br><br>Назарларын тәрбиешіге аударады.<br><br>Қуан, шаттан алақай!<br>Қуанатын күн келді<br>Күліп шықты күн бүгін<br>Қайырлы таң балалар!<br>Қайырлы таң қонақтар! |
| Ұйымдастыру-іздестіру кезең | Балалар қазір біз сендермен құм қалашығына саяхатқа барамыз, ол үшін көзімізді жұмып сиқырлы сөздерді айту керек.<br>Алақанды ашайық,<br>Сиқырын біз табайық.<br>Әдемі суреттерден біз,<br>Сиқырлап өрнек салайық.<br>***Құм Ханшайымы келеді:***<br>***Сәлемесіңдер ме балалар! Мен сендерге әдемі суреттер алып келдім.***<br>***Мына суреттен нені көріп тұрсыңдар?***<br>***Дұрыс айтасыңдар бұл суреттегі оюлар, бірақ қандай оюлар екені белгісіз. Олар аяқталмаған.Оларды аяқтап оюлардың аттарын*** | Балалар көздерін жұмады сиқырлы сөздерді қайталайды<br><br>Ойынның барысын мұқият тыңдап алған әсерлері туралы әңгімелеседі.<br>Балалар амандасады.<br><br>• Оюларды көріп тұрмыз. |

| | | |
|---|---|---|
| | ***білгілерің келе ме?***<br>***Олай болса құммен ол оюлардың жалғасын тауып салып көрейік***<br>***Сергіту жаттығуы:***<br>Бала-бала балақан<br>Қане қайсы алақан<br>Саусақтарын әйбәт<br>Былай-былай ойнат<br><br>Оюларыңды құмға салып болсаңдар олардың аттарын атайық.<br>-Мынау,қай оюдың түрі?<br>-Ал,мына оюдың аты қалай аталады?<br>-Тағы қандай оюларды білесіңдер? | Балалар құмның бетіне суреттегі оюларды аяқтап салады.<br><br>Қимылмен бәрі бәрі бірдей қайталайды.<br><br>-Қошқар мүйіз деген ою.<br>-Ирек ою деп аталады.<br><br>-Гүл. Түйетабан,ботакөз. |
| Рефлексивлы – түзету келеі | ***Қорытынды бөлім***<br>Сұрақ-жауап сәті.<br>• Бізге кім қонаққа келді?<br><br>***Балаларды мақтап, мадақтау*** | Балалар өз жұмыстарын талдайды.<br>Сұрақтарға толық жауап береді |

**Күтілетін нәтиже:**
**Білу керек:** Ою түрлері жайлы білу керек.
**Болу керек**: Құмнан оюларды өрнектеп салу керектігі жайлы түсінігі болу керек.
**Істей білу керек:** Қойылған сұрақтарға толық жауап қайтару

Тексерілді

«Қызғалдақ» ересек тобының оқу іс-әрекетінің ұйымдастырылған технологиялық картасы

**Айы-жылы,күні:**07.10.2021жыл
**Тақырыбы:**Тастармен эксперимент жасау.
**Мақсаты:** Салмақты анықтау.Тастардың қасиеттерімен таныстыру,бақылау.
**Сөздікпен жұмыс:** Тастар, қаңқыл.
**Көрнекіліктер:** суреттер жинағы, ыдыстағы су, тастар жиынтығы, екі тәрелкелен, поролон, үлкен-кішкентай тастар, гуашь бояуы, қылқалам, сулы сүрткіш

| Әрекет Кезеңдері | *Тәрбиешініңіс-әрекеті* | *Балалардыңіс-әрекеті* |
|---|---|---|
| Мотивациялық оятушылық | **Шаттық шеңбері**<br>Мына сұлу әлемде,<br>Адам өмір сүреді.<br>Үлкені менен кішіге,<br>Күн сәулесін төгеді. | Балалар шаттық шеңберге тұрып көңіл -күйлерін білдіріп айтып шығады. |
| Ұйымдастыру іздену шілік | Барлығымыз тақтаға назар аударайық, шынымен де тастар судың астында, жерде болады екен және үлкен тастар да болады екен<br>Біз тасты зерттей аламыз, тастарды зерттеумен кім айналысады? Тастардың құпиясын білу үшін олардың қасиетін зерттеу қажет. Зерттеуге арналған аспаптармен жабдықталған бөлмені зертхана деп атайды. Қазір біз зерттеушілер боламыз. Балалар тасты зерттемек бұрын, қауіпсіздік ережені ескеріп кетейік. Тасты абайлап ұстауымыз керек,жерге түсіріп алсақ аяғымызды ауыртып аламыз.<br>**№1 тәжірибе: «Түсті және пішінін анықтау»**<br>Бізге тастар қандай түсті және қандай пішінді болатынын білу керек. Тастарға мұқият қараңдар, олар қандай түсті және пішіні қандай екенін айтыңдар.<br>**№2 тәжірибе: «Көлемін анықтау**<br>Тастардың көлемі бірдей ме екенін анықтау керек. Ең үлкен, орташа, ең кішкентай тастарды тауып көрсетіңдер. Тастардың көлеміне байланысты қандай қорытынды жасауға болады? | - жерден, судың астынан<br>ғалымдар, зерттеушілер<br>балалардың назары үстел үстіндегі тастарға аударады.<br>балалар тастарды қарайды, байқағандарын талқылайды,тастар түсімен пішініне қарай әр түрлі болады. |

| | | |
|---|---|---|
| | **№3 тәжірибе: «Сыртқы жағын анықтау»**<br>Бізге тастың сыртқы жағын анықтау керек: тегіс немесе бұдырмақты? Қазір біз әр тасты сипаймыз. Ең тегіс және ең бұдырмақты тасты көрсеттіңдер.<br><br>**№4 тәжірибе «Жүзгіштігін анықтау»**<br>Енді тастың суда жүзгіштігін тексерейік. Салыстыру үшін тасты және поролонды алайық. Суға тасты және поролонды саламыз.<br><br>Біз не көріп тұрмыз?<br><br>Тас неге батып кетті?<br><br>**Сергіту сәті: «Құм, тас, су»**<br>«Құм «дегенде әр жерде шашыраңқы болып отыру. «Тас» дегенде өз қолымен мүсін жасап тұра қалу, «Су» дегенде толқын жасап қозғалу. | Балалар тастарды қарайды және тастардың көлемін дәйектейді. Тастар әр түрлі көлемді болады<br><br>тастар тегіс және бұдырмақты болады<br><br>балалар тасты және поролонды суға салады, бақылайды.<br><br>тас батып кетті, ал поролон жүзіды.<br><br>тас батты, өйткені ол ауыр, поролон жүзиді, өйткені ол жеңіл.<br><br>балалар өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды |
| Рефлексиялық Түзету | Балалардың тасқа салған суреттеріне талдау жасап, мадақтаймын.<br><br>Ең жақсы шыққан суреттерге көрме жасаймын<br><br>Сұрақ-жауап арқылы ұйымдастырылған ашық оқу қызметін пысықтаймын. | балалар өздерінің тасқа салған суреттерін талқылап, ризашылығын білдіреді. |

*Күтілетін нәтиже:*

**Біледі:** Тастардың құпиясын тәжірибе жасап біледі.

**Игереді:** Қаңқыздың суретін тастың бетіне түсіріп салуды игереді.

**Меңгереді;** Ұқыптылық пен жұмысты орындау барысындағы жинақылық қалыптастырады.

Жоспар
И

**«Қызғалдақ» ересек тобының оқу іс-әрекетінің ұйымдастырылған технологиялық картасы**

**Айы-жылы,күні:**14.10.2021ж

**Тақырыбы**: «Қоянның құлағы неге ұзын?»

**Мақсаты:** Қоянның тіршілігімен ертегісімен таныстыру.
Аңдарды қорғауша тәрбиелеу.

**Қолданатын көрнекіліктер:** Құм салатын жәшік, дымқыл және құрғақ құм , үнтаспа, формалар, ойыншықтар.

| Әрекеттің кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялы-ынталандыру кезең | Ұйымдастыру кезеңі:<br>• Балалар,сендермен кездескеніме өте қуаныштымын.<br>Бір-бірімізге қарайық. Мен сендердің көздеріңнен қуаныш пен қызығушылық көріп тұрмын.<br>• Қонаққа қоян келеді. Ол өзінің қорқып жол бойы орманда адасып жүргенін баяндайды.<br>• Тәрбиеші: Балалар келіңдер біз қоянға өз көмегімізді көрсетейік. Оған құмнан орманға жол көрсетейік. | Балалар шеңберге тұрады.<br><br>Назарларын тәрбиешіге аударады.<br><br>Бақшамызға келгенде<br>Жолыққан әр жандарға<br>Ертемен ақ пейілмен<br>«Қайырлы таң»- деймін мен! |
| Ұйымдастыру-ізденгіш кезең | Балаларға «Ормандағы қоян» беларусь ертегісін әңгімелеу.<br>Ертегідегі қоянның іс-әрекетін талдау.<br>**Ойын: «Қоян-қоян тұршы.»**<br>**Сергіту сәті:**<br>Ұзын құлақ сұр қоян,<br>Естіп қалып сыбдырды.<br>Ойлы-қырлы жерлермен,<br>Ытқып-ытқып секірді<br>Қарап еді артына,<br>Қиығын салып көзінің,<br>Келе жатқан томпаңдап, | Ертегіні мұқият тыңдайды.<br><br>Ойынның барысын мұқият тыңдап алған әсерлері туралы әңгімелеседі.<br><br>Қимылмен бәрі бәрі бірдей қайталайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | Көжегі екен өзінің.<br><br>Балалар Ертегінің бас кейіпкері қоянның бейнесін мүсіндейді. | Балалардың өз еріктерімен жұмыстары. |
| Рефлексиялы – түзету кезең | • ***Қорытынды бөлім*** Сұрақ-жауап сәті:<br>• Қоян үйшігінен шығып нені естиді?<br>• Алдынан не шығады?<br>• Қорыққан оян не істейді?<br>• Су жағасына келіп нені көреді?<br>• Бақа қоянды көріп не істейді?<br>• Қоян не деп ойланады? ***Балаларды мақтап, мадақтау*** | Балалар өз жұмыстарын талдайды.<br><br>Сұрақтарға толық жауап береді |

**Күтілетін нәтиже**:
**Білу керек:** Қоян жайлы білу керек.
**Болу керек:** Қоянның қандай аң екендігі жайлы түсініктері болу керек.
**Істей білу керек**: Өз еріктерімен жұмыс жасай білу керек.

Жіңішке
1ә

**«Қызғалдақ» ересек тобының оқу іс-әрекетінің ұйымдастырылған технологиялық картасы**

**Айы-жылы,күні:**21.10.2021ж
**Тақырыбы:** «Табиғат»туралы –мақал мәтелдер сайысы.
**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын дамыту,ойын өрісін кеңейту.
**Сөздікпен жұмыс:** Табиғат,мақал-мәтелдер
**Көрнекіліктер:** Табиғаттың суреттері

| *Әрекет кезеңдері* | *Тәрбиешініңіс-әрекеті* | *Балалардыңіс-әрекеті* |
|---|---|---|
| *Мотивациялық оятушы* | Шаттық шеңбер<br>Арайлап таң атты<br>Алтын сәуле таратты<br>Қайырлы таң апайлар<br>Қайырлы таң достарым | Балалар шаттық шеңберін орындайды. |
| *Ұйымдастыру ізденушілік* | Адамның табиғатсыз күні жоқ,<br>Табиғаттың оны айтар тілі жоқ.<br>Табиғат жер байлығы, Батырлар ел байлығы.<br>Нөсер алдында найзағай ойнайды.<br>Күн күркiресе, көп дүркірер.<br>Күркіреген бұлттың жаңбыры аз.<br>Боранда күні ит пен бала құтырады.<br>Алтыс күнде тасыған су,<br>Алты күнде қайтар.<br>Жауынмен жер көгереді,<br>Батамен ел көгереді.<br>Қыстың көзі қырау.<br>Сәуір болса күн күркірер.<br>Сәуір болмай, тәуір болмас. | Балалар мақал-мәтелдерді қайталап жаттайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | Жаңа айдан жақсылық<br><br>Жел дауылды шақырады,<br>Бұлт жауынды шақырады.<br><br>Қыстағы қар - жерге ырыс,<br>Жердегі ылғал – елге ырыс.<br><br>Таумен тасты су бұзар,<br>Ел арасын қу бұзар.<br>**Сергіту сәті**<br>Тербеледі ағаштар<br>Алдымнан жел еседі<br>Кіп кішкентай ағаштар<br>Су құйғанда өседі<br><br>Ағаш тамырымен мықты,<br>Адам дос - жарымен мықты.<br><br>Су жетпейін демейді, жар жеткізбейді,<br>Ер жетпейін демейді, мал жеткізбейді.<br><br>Жазғытұрым жел<br>жардай атанды жығар.<br><br>Қаз келсе, жаз келер,<br>Қарға келсе қатқақ келер. | Балалар сергіту сәтін орындайды |
| *Рефлексивтік Түзету* | Сұрақ жауап<br>Табиғат анаға деген қандай мақал-мәтелдерді білеміз? | Балалар сұрақтарға жауап береді. |

*Күтілетін нәтиже:*

**Біледі;** Жаттап алуды біледі.

**Игереді;**Табиғат туралы мақал- мәтелдердің мағынасын түсініп жаттап алуды игерді

**Меңгереді:**Қойылған сұрақтарға толық жауап беруді меңгерген.

«Қызғалдақ» ересек тобының оқу іс-әрекетінің ұйымдастырылған технологиялық картасы

**Айы-жылы,күні:**28.10.2021ж
**Тақырыбы**: «Кеме»
**Мақсаты:** Кеме туралы түсініктерін кеңейту.Тәжірибе арқылы бақылау,талдау дағдыларын дамыту.

**Қолданатын көрнекіліктер:** Кеме, сызғыш, қыстырғыш, құмыра, су.

| **Әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің әрекеті** | **Балалардың әрекеті** |
|---|---|---|
| Әрекетті туындату, түрткі болу | Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберге шақырады. | Амансың ба, алтын күн<br>Амансың ба, көк аспан<br>Амансың ба, достарым<br>Сендерді көрсем қуанам. |
| Ұйымдастыру, ізденіс жүргізу | Кеменің суретін көрсете отырып, тәрбиеші балалармен әңгімелеседі.<br><br>Балалар кеме неге суға батпайды екен, білгілерің келе ме?<br><br>-Ендеше біз тәжірибе жасап көрейік.<br><br>-Балалар суға шыныны тастасақ ол батып кетеді. Ал, бос құмыра су бетінде тұрып алады. Неге? Өйткені, құмыраның ішінде ауа бар. Біз құмыраны суға толтырсақ ол суға батып кетеді. Балалар ағаштан жасалған кез-келген заттар суға батпайды. Мысалы: сызғыш немесе қыстырғыш салсаңдар олар суға батпайды. | -Тәрбиешіні балалар мұқият тыңдайды.<br><br>- Білгіміз келеді.<br><br>-Балалар тәрбиешімен тәжірибені қызыға жасайды.і |

| | | |
|---|---|---|
| | Ағаштың суға батпайтыны ағаш қуысында ауа толы болады. Кемелердің бәрін су бетінде көтеріп тұрған ауа екен.<br><br>**Сергіту сәті:**<br><br>Қарлығаштар қанатын<br>Самғап-самғап ұшады<br>Қоянменен көжегі<br>Ытқып-ытқып қашады.. | Сергіту сәтін қимыл қозғалыспен жасайды. |
| Рефлексия – түзету жұмыстары | **Қортынды бөлім:**<br><br>-Балалар ағаш неліктен суға батпайды екен?<br><br>-Бос құмыраға су құйсақ ол бата ма, батпай ма?<br><br>-Тәрбиеші балаларды мақтап мадақтайды.. | -Өйткені ағаштың арасында ауа толы болады екен.<br><br>-Бос құмыра суға батпайды, ал су құйсақ ол батып кетеді.<br><br>.-Балалар тәрбиешінің мақтауына риза болады. |

**Күтілген нәтиже:**

**Біледі:** Кеме жайлы біледі.

**Түсінігі бар:** Кеменің суда жүзетіні туралы түсінігі бар.

**Орындай алады:** Тәжірибе жасай алады.

Бекітемін
4.11.21

**«Қызғалдақ» ересек тобының оқу іс-әрекетінің**
**ұйымдастырылған технологиялық картасы**

**Айы-жылы,күні:**04.11.2021жыл
**Тақырыбы:** Үй жануарлары
**Мақсаты:** Мысық пен күшік жөнінде түсініктерін кеңейту.Тіршілігімен таныстыру.Сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу.Үй жануарларының төлдерімен таныстыру.
**Сөздікпен жұмыс:** Үй жануарлары
**Көрнекіліктер:** Үй жануарлары суреттері

| *Әрекет кезеңдері* | *Тәрбиешініңіс-әрекеті* | *Балалардыңіс-әрекеті* |
|---|---|---|
| *Мотивациялық қозғаушылық* | Балалардың назарын жайлау көрінісі бейнеленген суретке аударады.<br><br>-Балалар, мынау-жайлаудың суреті. Жайлауда малдар жайылып жүр. Мынау қандай жануар? Ал мынау ше? Бұлар қандай жануарлар?<br><br>-Дұрыс айтасыңдар, үй жануарлары.<br><br>-Неге үй жануарлары деп айтамыз?<br><br>-Қандай пайдасы бар?<br><br>-Сиыр не береді, қойдан не аламыз, жылқының не пайдасы бар?<br><br>-Ит үй жануарларына жата ма? | Суретке қызығушылық танытады. Сұрақтарға жауап беруге талпынады.<br><br>-Үй жануарлары. Балалар жауап береді.<br><br>-Ит-үй жануары, себебі: үйді күзет адамға көмектеседі. |
| *Ұйымдастық ізденушілік* | Бүгін үй жануарларының төлдерімен танысамыз. Үй жануарларының балаларын, яғни жылқы, сиыр, қой, ешкі, түйенің балаларын –төлдер деп атайды.<br><br>Төлдерді суреттен көрсетеді:<br><br>-Сиырдың төлі-бұзау, қойдың төлі-қозы, жылқының төлі-құлын, түйенің төлі- бота, ешкінің төлі-лақ.<br><br>Балаларға қайталатады. Қойдың, сиырдың қалай дыбыстайтынын естеріне түсіреді. | Балалар төлдермен танысқанына қуанады.<br><br>Төлдердің аттарынбілуге, ажыратуға тырысады.<br><br>Балалар тәрбиешімен бірге қимыл-қозғалыстар жасайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | *Сергіту жаттығуы.*<br><br>Қошақаны қойдың,<br>Қайда қалып қойдың?<br>Томпиып тұр бүйірің,<br>Қай өрістен тойдың?<br>«Төлдерін тап»дидактикалық ойыны.<br>Суреттен төлдерін табады. | Төлдердің суреттерін енелерінің тұсына қояды |
| Рефлекситтік Түзету | Сұрақтар бере отырып, оқу іс-әрекетін қорытындылайды. Тәрбиеші балаларды мақтап, мадақтайды. | Балалар сұрақтарға жауап береді. Үй жануарларының төлдердің аттарын үйренеді. |

*Күтілетін нәтиже:*

**Біледі; біледі:** *үй жануарларының төлдерін;*
**игереді:** *үй жануарлары төлдерін бір-бірінен ажырата білу дағдысын;*
**меңгереді:** *төлдер туралы жалпы түсінік болады.*

Тексерілді

**«Қызғалдақ» ересек тобының оқу іс-әрекетінің**
**ұйымдастырылған технологиялық картасы**

**Айы-жылы,күні:** 18.11.2021ж
**Тақырыбы:** Бөлме өсімдіктері
**Мақсаты:** Бөлме өсімдігі туралы білімін арттыру,білімін кеңейту.
**Сөздікпен жұмыс:** Су құйғыш, су сепкіш.
**Көрнекіліктер:** Су құйғыштар, су сепкіштер, таяқшалар, клеенка, лупалар, қылқаламдар, щеткалар, шүберектер, шашқыштар, сиқырлы қорап.

